

ӨОЖ 343.265

Т.Е. Уразымбетов

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,  
Қазақстан, Талдықорған қ.  
E-mail: urazymbietov@mail.ru

### Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы

Жұмыста қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар мәселесі талданады. Жұмыс авторы қоғамдық тәртіпті қылмыс объектісі ретінде қарастырады және осы топтағы қылмыстарды саралау ережелерін келтіреді. Неғұрлым қауіпті болып табылатын бұзақылық құрамын талдауға үлкен көңіл бөлінеді және қылмыстың осы түрімен күресуге бағытталған теориялық ережелерді өңдейді. Автор бұзақылық және тағылық құрамдарына жан-жақты саралау жүргізе отырып, олардың алдын алудың жолдарын және нақты шараларын келтіреді.

**Түйін сөздер:** қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік, қылмыстық-құқықтық нормалар, қылмыстық әрекеттер, бұзақылық, тағылық.

Т.Е. Urazymbietov

### General description of crimes against public order

This work addresses the problem of the definition of crimes against the public order. The author devotes great attention to public order as the object of crimes and the rules of crimes leads the group.

Pays particular attention to the composition of hooliganism as the most dangerous crimes from this group are often theoretical provisions aimed at combating these forms of crime. The author cites the qualification rules of hooliganism and vandalism, along with this proposed concrete ways and means to prevent crimes of this group.

**Keywords:** public peace, public safety, criminal legal norms, criminal venture, hooliganism.

Т.Е. Уразымбетов

### Общая характеристика преступлений против общественного порядка

В данной работе рассматриваются проблемы квалификации преступлений, посягающих на общественный порядок. Автор уделяет большое внимание рассмотрению общественного порядка как объекта преступления и приводит правила квалификация преступлений данной группы.

Уделяется особое внимание составу хулиганства как наиболее опасного преступления из данной группы, также разрабатываются теоретические положения, направленные на борьбу с данными видами преступлений. Автор приводит правила квалификации составов хулиганства и вандализма, вместе с этим предложены конкретные пути и методы предотвращения преступлений данной группы.

**Ключевые слова:** общественный порядок, общественный безопасность, уголовно-правовые нормы, уголовное деяние, хулиганство, вандализм.

Қоғамдық тәртіп адамдардың өмір сүру ортасының қалыпты жағдайын сақтауды қамтамасыз етуге, адамдар өмір сүруіне қажетті

жағдайлар жасаудан көрінетін белгілі бір қатынастар жүйесін білдіреді. Қылмыстық заң қоғамдық қатынастарды жетілдіруге, оларды

қылмыстық әрекеттерден қорғауда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік мәжбүрлеудің ең қатал нысанының мүмкіндігін қарастыратын қылмыстық заңды қолдану заңдылық пен құқық тәртібін қатаң сақтауды талап етеді.

ҚР Конституциясы қылмыс үшін айыптылық мәселесін шешуде соттарға ерекше құқық берді, ол әділқазылықты жоғары деңгейде жүзеге асыруды талап етеді [1].

Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар адамдардың қалыпты өмір сүруіне қол сұғатын болғандықтан, олардың келтіретін зияны, әрине, орасан зор деп те айтуға болады. Бұзақылық-қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың ең көп тараған түрлерінің бірі, ол үшін әкімшілік әсер ету шараларымен қоса қылмыстық жаза да қолданылады [2]. Бұзақылық кезінде азаматтардың денсаулығына зиян келіп, меншікке залал тигізуі де жиі орын алып отырады. Сонымен қатар бұзақылық, көбінесе өзге де ауыр қылмыстардың жасалуына әкеп соқтырады, бұзақылықтың қоғамдық тәртіпке, азаматтардың тыныштығына зардабын тигізетін, қайсыбір жағдайларда, одан да ауыр қылмысқа итермелейтін қауіпті құқық бұзушылық екенінде дау жоқ. Бұзақылық жасаған адам қоғамдық тәртіпті, адамгершілік салтты өрескел бұзатын, көбінесе себепсіз немесе болар-болмас себепті пайдаланып қоғамды мейлінше сыйламаушылықтан көрінетін, қоғамдық тәртіпке ашық қарсыласуымен, өзінің айналасындағыларға қарсы қоюмен, оларға немқұрайлы қарым-қатынасымен әдейі жасалған әрекеттері арқылы көрініс табады. Бұзақылық – тұрмыс салты мен қоғамдық тәртіптің бірден-бір жауы.

Мемлекет қоғамдық тәртіпті сақтауға, адамдардың тыныштығын, олардың заңды мүдделері мен құқықтарының бұзылмауына ерекше мән беріледі. Осыған орай, Қылмыстық кодекстің жекелеген тарауы мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздігімен бірге қоғамдық тәртіпті реттеуге, қорғауға арналған. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың жекелеген түрлері жаппай тәртіпсіздіктер (241-бап), бұзақылық (257-бап), тағылық (258-бап) болып табылады.

Осы қылмыстардың топтық объектісі – қоғамдық тәртіп. Өйткені көрсетілген қылмыстардың кез келгенін істеу арқылы объект, ең алдымен, қоғамда қалыптасқан тәртіпке қол сұғады. Қоғамдық тәртіпке көрсетілген

осы қылмыс құрамының тікелей объектісі де болады. Осы құрамдардың қосымша тікелей объектісі – адамдардың денсаулығы, ар-намысы, адамгершілігі, меншігі болуы да мүмкін. Аталған мәселелерді зерттеудің қажет екендігінде күмән жоқ. Теорияда дау туғызатын, пікірталасты бірқатар мәселелер бар, ал күшіндегі заңдарды қолдану тәжірибесінен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстарға, әсіресе бұзақылыққа қатысты, өзінің шешімін күтіп тұрған бірқатар мәселелер туындайды. Жақын және алыс шетелдік мемлекеттердің заңдарымен, олардың бұзақылықпен күресу амалымен танысудың қажеттілігі де даусыз. Бұзақылық туралы күшіндегі заңдарды зерттеу – оларды келешекте жетілдіру жағын да қарастыруға тиісті екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық туралы заңдарды тергеу, сот органдарының қолдану тәжірибесі жинақтап қорытуды және ғылыми дәлелді ұсыныстарды қажет етіп отыр.

Қазіргі кезде жарық көрген аздаған бұл мәселелерге жалпы шолу жасап қана өтеді. Мұның бәрі бұзақылықпен күрестің тиімділігін арттыруға бағытталған кешенді шаралар ойластырып, оларды жүзеге асыру қажет екендігін көрсетеді. Бұл мәселеге әртүрлі аспектіде еліміздің У. Жекебаев, Р. Орынбаев, Е. Қайыржанов, Е. Алауханов, А. Ағыбаев сынды біраз ғалымдары көңіл бөлген, бірақ бүгінгі күн талаптарына сай, негізді жан-жақты зерттеу жасалмаған деп ойлаймыз.

Қылмыстық кодекстің 9-тарауында екі түрлі топқа жататын қылмыстардың түрі көрсетілген. Оның біріншісі – қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар. Қоғамдық қауіпсіздік адамдардың қауіпсіз өмір сүруін, бірқалыпты қызметін, радиоактивті материалдарды залалсыз пайдалану, қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе қондырғыларды тиісінше және қауіпсіз пайдалану, сондай-ақ тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді реттейтін қоғамдық қатынастарының жиынтығы болып табылады. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың тікелей объектісі деп қоғамдық қауіпсіздіктің жекелеген салаларын (адам өмірінің және оның қызметінің қауіпсіздік шарттарын; ерекше қауіп көзі болып табылатын заттарды пайдалану, өліммен аяқталатын зардап туғызуы мүмкін жұмыстарды жүргізуі және т.б.) айтамыз. Осы топқа жататын кейбір

қылмыстардың қосымша тікелей объектісі адамның өмірі, денсаулығы болуы мүмкін. Объективтік жағынан алғанда қоғамдық қауіпсіздікке жататын қылмыстардың көпшілігі әрекет арқылы (ҚК-нің 233 және басқа баптары); ал қайсыбіреулері әрекет немесе әрекетсіздік күйде (мысалы, ҚК-нің 245, 246-баптары) жүзеге асырылады. Кейбір қылмыс құрамының нормалары бланкеттік диспозицияға негізделген (ҚК-нің 245, 246, 251-баптары). Көптеген қылмыстар құрам жағынан формальдық (ҚК-нің 233, 234, 237-баптары т.б.), ал қайсыбіреулері материалдық құрамға (ҚК-нің 245, 244-баптары) жатады [1].

Қылмыстардың екінші бір тобы – қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар. Оған бұзақылық және тағылық құрамдары жатады. Бұзақылық Қылмыстық кодекстің 257-бабында көрсетілген. Бұл қылмыс қылмыстық құқықтың «Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың тобына» кіретін қылмыстың бір түрі болып табылады. Қылмыстық кодекстің бұл тарауында екі түрлі топқа жататын қылмыстардың түрі көрсетілген. Оның біріншісі қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар.

Қоғамдық қауіпсіздік деп адамдардың қауіпсіз өмір сүруін, бірқалыпты қызметін, радиоактивті материалдарды залалсыз пайдалану, қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш заттарды, жарылғыш қондырғыларды тиісінше және қауіпсіз пайдалану, сондай-ақ тау-кен, құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді реттейтін қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтамыз. Бұл қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың тікелей объектісі болып табылады.

Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың тікелей объектісі қоғамдық қауіпсіздіктің жекелеген салалары (адам өмірінің және оның қызметінің қауіпсіздік шарттары; ерекше қауіп көзі болып табылатын заттарды пайдалану, өліммен аяқталатын зардап туғызуы мүмкін жұмыстарды жүргізу және т.б.) болып табылады. Осы топқа жататын кейбір қылмыстардың қосымша тікелей объектісі адамның өмірі, денсаулығы болуы мүмкін.

Объективтік жағынан алғанда қоғамдық қауіпсіздікке жататын қылмыстардың көпшілігі әрекет арқылы (қылмыстық кодекстің 233 және басқа баптары); ал қайсыбіреулері әрекет немесе әрекетсіздік күйде (мысалы, Қылмыстық кодекстің 245-246-баптары) жүзеге асырылады. Кейбір қылмыс құрамының норма-

лары бланкеттік диспозицияға негізделген (Қылмыстық кодекстің 245-246, 251-баптары).

Көптеген қылмыстар құрам жағынан формальдық (Қылмыстық кодекстің 233, 234, 237-баптары және т.б.), ал қайсыбіреулері материалдық құрамға (Қылмыстық кодекстің 245, 244-баптары) жатады.

Мемлекет қоғамдық тәртіпті сақтауға, адамдардың тыныштығын, олардың заңды мүдделері мен құқықтарының бұзылмауына ерекше мән береді. Осыған орай, Қылмыстық кодекстің жекелеген тарауы мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздігімен бірге қоғамдық тәртіпті реттеуге, қорғауға арналған. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың жекелеген түрлері, бұзақылық (257-бап), тағылық (258-бап) болып табылады. Осы қылмыстардың топтық объектісі – қоғамдық тәртіп. Өйткені көрсетілген қылмыстардың кез келгенін істеу арқылы объект, ең алдымен, қоғамда қалыптасқан тәртіпке қол сұғады. Қоғамдық тәртіпке көрсетілген осы қылмыс құрамының тікелей объектісі де болады. Осы құрамдардың қосымша тікелей объектісі адамдардың денсаулығы, ар-намысы, адамгершілігі, меншігі болуы да мүмкін [3,68 б.] Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың бір түрі жаппай тәртіпсіздіктер (ҚР ҚК-нің 241-бабы) де қарастырылуы мүмкін, ол құрамы жағынан ұқсас болып келеді. Жаппай тәртіпсіздік – қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың бір түрі. Арандатушылар мен ұйымдастырушылардың от жағуына еліккен тәртіпсіз элементтер ең сорақы әрекеттерді жүзеге асыруы мүмкін, жаппай тәртіпсіздік объектілерді қиратумен, өртеумен, көлік, коммуникация, байланыс жүйелерінің бірқалыпты қызметін бұзумен, мүлікті жоюмен ұласып, мұның арты жаппай адам шығынына әкеп соғуы мүмкін. Кез келген мемлекеттің Қылмыстық кодексінде бұл тұрғыдағы қылмыс үшін қатаң жаза белгіленген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша жаппай тәртіпсіздіктің тікелей объектісі қоғамдық тәртіп, ал қосымша тікелей объектісі – адамдардың өмірі, денсаулығы, мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншік болады.

Объективтік жағынан бұл қылмыс жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру арқылы сипатталады. Жаппай тәртіпсіздік деп қоғамға қауіпті әрекеттердің күш қолдануымен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылыс заттарын немесе жарылыс

құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ олардың өкімет өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан әрекеттерін айтамыз. Күш қолдануға құқық тәртібін қорғайтын өкімет өкіліне, лауазым адамдарына, басқа да азаматтарға қарсылық көрсетіп, оларды күшпен заңсыз әрекеттер істеуге мәжбүрлеу, өкімет билігінің заңды талаптарына күш қолданып, қарсылық білдірулері жатады.

Қирату деп мүлікті, объектілерді жойып, тонап, күл-талқан ету әрекеттерін айтамыз. Өртеуге мүліктерді, құрылыстарды, автокөліктерді, өсімдіктерді, қондырғыларды, басқа да заттарды отқа жандырып, құру әрекеттері жатады. Мүлікті жою деп әртүрлі тәсілдермен оларды мүлдем жарамсыз күйге келтірулерді білеміз. Соғыс қаруын, жарылыс заттарын немесе жарылыс қондырғыларын қолдану деп осыларды адам өлтіруге, жарақаттау үшін, мүлікті бүлдіру немесе қорқыныш сезімін тудыру үшін мақсатты пайдалануды айтамыз. Өкімет өкіліне қарулы қарсылық қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті қамтамасыз еткен өкіметтің заңды өкілдеріне тікелей қиянат жасап, олардың өздеріне жүктелген функцияларын атқаруға кедергі келтіру, оларды қуғынға ұшырату сияқты әрекеттер жатады [4, 212].

Жаппай тәртіпсіздіктер формальдық қылмыс құрамына жатады. Қылмыстық кодекстің 241-бабының диспозициясында көрсетілген әрекеттердің біреуі істеген уақыттан бастап аяқталған деп танылады. Егер жаппай тәртіпсіздік кезінде кісі өлсе, денеге ауыр жарақат келтірілсе, онда кінәлінің әрекеті қылмыстардың жиынтығы бойынша сараланады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі адам жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыратынын, оның заңды көрсетілген әрекеттермен жалғасатынын сезеді және соны істеуді тілейді.

Қылмыс субъектісі – он алтыға толған, жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырған немесе басқарған адам.

Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 258-бабында көрсетілген тағылық та жатады. «Тағылық, яғни үйлерді немесе өзге де ғимараттарды жазулармен немесе суреттермен, қоғамдық адамгершілікті қорлайтын өзге де іс-әрекеттермен қорлау, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана

бүлдіру» деп анықтама берілген. Бұрынғы Қылмыстық кодекс бойынша мұндай әрекеттер бұзақылық деп бағаланатын. Тағылықтың бұзақылықтан өзгешелігі сол, тағылықты құрайтын қылмыс құрамының әрекеттері қоғамдық адамгершілік және эстетикалық нормаларды бұзу арқылы жүзеге асырылады, тағылық қоғамдық тәртіпті бұзумен ұштасады.

Бұзақылықтың заты – бөтеннің мүлкі, ал тағылықтың заты үйлер, өзге де ғимараттар, қоғамдық орындардағы мүлік болып табылады.

Тағылықтың объектісі – қоғамдық тәртіп, қосымша тікелей объектісі адамгершілік нормалары болады.

Объективтік жағынан бұзақылық қоғамдық тәртіпті өрескел бұзумен, қоғамды көрінеу қадірлемейтін әрекеттермен ұштасса, ал тағылықтың объективтік жағы үйлерді немесе өзге де ғимараттарды жазулармен, суреттермен немесе қоғамдық адамгершілікті қорлайтын «іс-әрекеттермен, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру арқылы сипатталады [5].

Тағылық қылмысы формальдық-материалдық құрамға жатады. Қылмыс кейбір реттерде заңда көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырған уақыттан бастап, ал жағдайларда істелген іс-әрекеттерден материалдық залал келтірілген уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан тағылық қылмысы тікелей қасақаналықпен істелінеді. Адам үйлерді, ғимараттарды қорлағанын, мүлікті бүлдіргенін сезеді және солай әрекет жасауды тілейді. Қылмыстың субъектісі – жалпы 14-ке толған, есі дұрыс кез келген адам.

Жоғарыда атап кетілгендей бұзақылық құқық бұзушылық ретінде қоғамға қауіптіліктің әртүрлі дәрежесін қамтиды. Яғни, бұзақылық үшін ҚР әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодесімен де жауапкершілік белгіленген. Әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыс ретінде бұзақылықты өзара ажырату үшін міндетті белгі әрекеттің қоғамға қауіптілігі болып табылады. Объектіден өзге кез келген қылмыс құрамының элементтері қоғамға қауіптіліктің белгілі дәрежесі мен сипатын қамтиды, бірақ олардың іс-әрекетінің түгелдей қоғамға қауіптілігіне тигізер әсері әртүрлі. Қоғамға қауіптілік құрылымында бірінші орынға объективтік факторларды, яғни қылмыстық іс-әрекетті, салдарын қою керек, ал

кейінгі орынға кінә дәрежесімен, кінәлінің жеке тұлғасымен сипатталатын субъективтік факторларды қою керек.

«Міндет жазаны қылмыстың шынайы салдары ретінде жасау болып табылады. Жаза қылмыскер алдында оның әрекетінің қажетті шарты, яғни өз әрекеті болуы керек. Оның жазасының шегі іс-әрекетінің шегі болып табылуы керек» [6, 36]. Ерік бостандығы заңды тану мен қолдануға мүмкіндік береді. Ол жазаның қажеттілігін ақтайды және осында қылмыстық жауапкершіліктің философиялық негізі орын алады [8, 11 б.]

Қылмыстық заң жасалған қылмыстың заңды салдарын байланыстыратын тұлға қасиеттері олар өздерін қандай қатынастарда көрсететіндігіне байланысты келесі топтарға бөлінеді:

1. Субъектіге заңмен қорғалатын қатынастарға әсер ету мүмкіндіктерін беретін қасиеттер.

2. Жасағанды мемлекет атынан моральдық жазалаудың принципіалды мүмкіндігін тудыратын қасиеттер: есі дұрыстық, кінә, заңмен белгіленген жасқа жетуі.

3. Моральдық жазалау интенсивтілігін және қылмыскерге жазалауға әсер ету дәрежесін реттейтін қасиеттер: аса қатыгездікті көрсету, қылмыстық икемділіктердің тұрақтылығы.

4. Оларсыз жазаны қолдану орындылығынан айырылатын қасиеттер: қоғамға қарсы бағыттылық, зиянды қасиеттер, жаза шараларын дұрыс қабылдай алу мүмкіндіктері.

Әрекеттің қылмыстық жазаланатындығын белгілеу немесе оны алып тастау – үлкен саяси мәні бар іс, себебі бірқатар құқықтық, әлеуметтік, психологиялық және өзге де салдарға алып келеді. Ол салдарды, олардың қоғамдық қатынастардың дамуына әсерін зерттеу құқық шығарушылық механизмін дамыту мәселелерін шешу жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Л.А. Феллов пікірінше, іс-әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік белгілеудің екі критерийі бар, яғни қоғамға қауіптілік дәрежесінің жоғары болуы және жазаның қайтарылмастығы қағидасын жүзеге асыруға қажетті жағдайлардың болуының критерийі [9, 101 б.]. Мәні бойынша қоғамға қауіптілік қылмыстық-құқықтық тыйым салу қажеттілігін негіздейтін факторлар арасында басты болып табылады. Қоғамға қауіптілік қылмыстық іс-әрекет

пен үстем қоғамдық қатынастар арасындағы байланысты ашады [10, 98 б.].

«Қылмыстық әрекеттің қоғамдық қасиеті – оның құқық тәртібіне қауіптілігінің шын мәнінде орын алуын біз ол әрекеттің қоғамдық қатынастардың дамуы мен нығайуына және азаматтардың мүдделерін қорғауға теріс әсерін түсіну арқылы ұғамыз» [11, 182 б.]. Негативті ретроспективтік тұрғыдан қылмыстық жауапкершілік қылмыс жасаған тұлғаның қоғам тарапынан белгілі бір қылмыстық құқықтық әсер ету шараларына ұшырауға міндетінің материалдық-құқықтық мазмұны мен процессуалдық-құқықтық нысанының бірлігін көрсететін құқықтық қатынас ретінде қарастырылады.

Қылмыстық құқықтық шаралар ретінде бір мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын, сонымен қоса ондай шараларды қолданудан бас тартуды немесе оның көлемін шектеуді де қарастырамыз [12, 145 б.].

Құқықбұзушылықтардың түрлерін өзара ажырататын маңызды белгі әрекеттің қоғамға қауіптілігі болып табылады.

Қылмысты материалдық түсіну мінез-құлықтың кейбір нысандарын олар қоғам және оның мүшелеріне зиян келтіру немесе тікелей зиян келтіру қаупін тудыру нәтижесінде ғана қылмыстық деп тануға негізделеді. «Бұл құқықтық тәртіп үшін қолсұғушылық қаупі мемлекетті қылмыстық құқықбұзушылықты азаматтықтан ажыратып, қылмыстық жаза тағайындаумен қорқытуға негіздейді» [13, 114 б.]. Қоғамға қауіптілік қылмыстық әрекеттің барлық қасиеттерін ашпайды, бір қатынастарға қауіпті болып табылатындар екінші қатынастар үшін пайдалы болады. Қылмыстық заңнаманы құрастыру үшін, оны тәжірибеде қолдану үшін заңдық қылмыстық-құқықтық нормаларды құрастыру өнеріне ие болу керек. Онсыз құқықтық норма «заңгерге» иелік етеді немесе «заңгер» құқықтық нысанмен керексіз күресті жүргізеді [14, 9 б.].

Ю. Пермяков «қоғамға қауіптілік» ұғымын түсіндірудің негізгі варианттары келесі деп көрсетеді:

1) қоғамға қауіптілікті қылмыстық әлеуметтік қасиеті ретінде тану;

2) қоғамға қауіптілікті белгілі бір құндылықтар тұрғысынан бағалау ретінде түсіну;

3) қылмыстық қоғамға қауіптілігін қылмыстық жауапкершіліктің негізі мен шарасы ретінде түсіндіру [15, 33 б.].

Қылмыстың объективті жағы қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін, азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен, бүлдірумен, ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті бұзушылықтан тұрады.

Бұзақылық қылмыстары келесі негізгі белгілермен сипатталады. Күш қолдана отырып (денсаулыққа жеңіл зиян келтіру) мекемелердің, кәсіпорындардың немесе қоғамдық көліктің қалыпты қызметін уақытша тоқтату, көпшілік шараларға кедергі жасау, мүлікті жою, азаматтарды жәбірлеу, ұзақ және қасақана тоқтатылмайтын бұзақылық әрекеттер қоғамды анық құрметтеуін білдіретін ерекше арсыздықпен қоғамдық тәртіпті бұзушылық деп танылады. Жалпыға бірдей адамгершілік нормаларына деген ашық немқұрайдылықпен, мысалы, ұятсыз қылықтармен, ауру, қарт немесе дәрменсіз күйдегі тұлғаларды келемеждеп, қорлаумен ұштасатын бұзақылық әрекеттерді ерекше арсыздық деп ұққан жөн. Азаматтарға қарсы күш қолдану не оның қолданылатындығымен қорқыту деп өмір мен денсаулыққа қауіпті емес күш қолдануды айтамыз мысалы: (ұрып-соғу, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру).

Егер бұзақылық әрекеттер жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірумен не оның өлімімен ұштасса, онда бұл әрекеттер Қылмыстық кодекстің 96, 103 және 257-баптарымен көзделген қылмыстар жиынтығы бойынша бағалануы тиіс. Қоғамды анық құрметтемеу қоғамның, мейлі, тіпті бір ғана мүшесінің мүдделерін қозғайтын әрекеттер арқылы білдірілген айтарлықтай деңгейдегі құрметтеуден тұрады.

Қоғамдық тәртіп дегеніміз қоғамдық тыныштықтың, азаматтардың, қоғамдық орындағы лайықты мінез-құлқының, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық немесе жеке көлік құралдарының бір қалыпты жұмысының, азаматтардың жеке басына қол сұғылмауды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

Объективтік жағынан бұзақылық қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін, азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен, ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық әрекеттер арқылы сипатталады.

Бұзақылық формальдық-материалдық қылмыс құрамына жатады. Ол қоғамдық тәртіпті өрескел бұзу және қоғамды құрметтемеу әрекеттерін істеген уақыттан бастап аяқталған деп танылады. Бұзақылықтың субъективті жағының міндетті белгісі қоғамға қасақана дөрекі, қатал, сотқар, тентек жолмен, құрметсіз түрде көңілін көрсетуге ұмтылыстан тұратын бұзақылық себеп.

Бұзақылықтағы қылмыстың ниетіне қоғамды сыйламаушылықтан туындаған эгоистік көзқарастар, бостандықты теріс түсінушіліктен болған жағдаяттар жатады. Бұзақылық ниетке қоғамды құрметтемеуді білдіретін әртүрлі дөрекіліктер, өктемдіктер, қатыгездіктер, тентектік пен арсыздық, ұятсыздық көріністері жатады. Бұзақылықтың мақсаты қоғамдық тәртіпті өрескел бұза отырып, жәбірленушіге күш көрсету, қорқыту, оның бойына қорқыныш туғызу, мүлкін жою, бүлдіру болып табылады.

Бұзақылықтың заты бөтеннің мүлкі болса, тағылықтың заты үйлер, өзге де ғимараттар, қоғамдық орындардағы мүлік болып табылады.

Қорыта келгенде, қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстармен күресуде әуелден идеологиялық саяси іс-шараларды естен шығармауымыз керек. Кез келген қоғамға тәртіп негізінде, құқықтық сана кемшіліктері жатады. Саяси және құқық идеяларының материалдық күшке айналып, саяси және құқықтық мәдениеттің құндылықтары мен өлшемдерінің қалыптасуына біршама уақыт керек. Практикада көптеген құқықтық немесе саяси идеялардың, ұсыныстар мен шешімдердің өмір талқысынан өте алмай, құр ұран болып қалатын жағдайлары жиі кездеседі. Демек, аталған категориялардың қоғамға араласуы олардың өзара үйлесім табуына байланысты. Әрине, мұнда субъектілердің жауапкершілік деңгейі мен өмір тану қабілетінің басты рөл атқаратынын ескерген жөн.

## Әдебиеттер

- 1 ҚР Конституциясы, 30 тамыз 1995. – Алматы: Баспа, 2003.
- 2 ҚР қылмыстық кодексі, 16 шілде 1997. – А.: Юрист, 2004.
- 3 Ағыбаев А. ҚР қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. – А., 2000.
- 4 ҚР қылмыстық кодексіне түсінік. – А.: Баспа, 2001.
- 5 1995 жылғы 21 шілдедегі № 5 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты.
- 6 Пленумының «Бұзақылық туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» қаулысы.
- 7 Маркс К. Дебаты по поводу закона о краже леса. – Маркс К., Энгельс Ф. – Соч., 2-е изд., Т.1. – С. 124.
- 8 Шовгумидзе Т.Г. Философские и психологические основания уголовной ответственности // Актуальные вопросы современного уголовного права, криминологии и уголовного процесса. – Тбилиси: Мепниереба, 1986.
- 9 Фелелов Л.А. Критерии установления уголовной наказуемости деяний. Советское государство и право, 1970, №11.
- 10 Крылов Г.В. Проблемы декриминализации деяний в советском уголовном праве. Дисс. канд. юр. наук. – М., 1985.
- 11 Курс советского уголовного права. – М., 1970, т.2.
- 12 Крылов Г.В. Проблемы декриминализации деяний в советском уголовном праве. Дисс. канд. юр. наук. – М., 1985. – С.145.
- 13 Пусторослев П.Р. Анализ понятия о преступлении. – М., 1892. – 238 с.
- 14 Пионтовский А.А. Марксизм и уголовное право. – М.: Юридическая литература, НКЮ РСФСР, –1996. – С. 9-10.
- 15 Пермяков Ю.А. Общественная опасность деяния. Автореферет дисс канд. наук. М., 1989.

## References

- 1 The Constitution of the Republic of Kazakhstan 30/09/1995. – Almaty: Baspa, 2003.
- 2 Penal code of Republic of Kazakhstan 16/07/1997 Almaty Yurist
- 3 Agybaev A. Penal Law. Special part. – Almaty, 2000.
- 4 Explanation of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan
- 5 The ruling of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan 25.07.1995. – № 5
- 6 Marx k. debates about law on theft of forest, Marx, Engels f. – Op, 2 Ed., vol. 1. 124.
- 7 Shovgumidze T.g. philosophical and psychological Foundation of criminal Liability//topical issues of modern criminal law, Criminology and criminal process. – Tbilisi: Mepniereba, 1986.
- 8 L.a. criteria for establishing Fefelov criminalize acts. The Soviet State and law, 1970, no. 11
- 9 Krylov G.v. Problem the decriminalization of acts in the Soviet criminal Law of the sea. Dics.Cand.Ure. Sciences, m., 1985
- 10 The course of the Soviet criminal law. M., 1970, vol. 2
- 11 Krylov G.v. Problem the decriminalization of acts in the Soviet criminal
- 12 Law of the sea. Dics.Cand.Ure. Sciences, m., 1985, p. 145
- 13 Pustoroslev analysis of the notion of crime this year. – M, 1892-238.
- 14 Piontkovsky A.a. Marxism and criminal law: m, Literature, the PEOPLE'S COMMISSARIAT of JUSTICE of the RSFSR, -96 s., s.9-10
- 15 Public danger acts J.a. Permyakov. Author's abstract DissCand Sciences, m., 1989